



АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ/ ГРАЖДАНСКОЕ И ГРАЖДАНСКО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО/ CIVIL AND CIVIL PROCEDURE LAW

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛЫ
ISSN 2788-5283
eISSN 2788-5291
ТОМ 81, НӨМІРІ 1(2026), 74-86

ӘОЖ 349.2
FTAMP 10.63.01
DOI 10.52026/2788-5291_2026_81_1_74
Ғылыми мақала

© Д.С. Байсымакова^{1*}, М.С. Бейбитов², Ж.Ю. Сайлибаева³, 2026

¹ Қонаев университеті, Алматы, Қазақстан

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана Қазақстан

³ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы Қазақстан

(e-mail: ¹baisymakovadana@gmail.com; ²beibitov.m@mail.ru; ³zh.sailibaeva@abaiuniversity.edu.kz)

ЗАМАНАУИ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ КОНТЕКСИНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДЫҢ ЖАҢА ФАКТОР РЕТІНДЕГІ РӨЛІ

Аннотация. Мақала қазіргі еңбек нарығының дамуына әсер ететін жаңа фактор ретінде цифрлық платформаның рөлін зерттеуге арналған. Автор платформалық жұмыстың негізгі ерекшеліктерін, оның әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарын жан-жақты талдау, сондай-ақ цифрландыру процесінің дәстүрлі еңбек қатынастарын трансформациялау мәселелерін қарастырады. Арнайы назар прекаризация қаупін талдауға, жұмыспен қамту құрылымындағы өзгерістерге және оны реттеудің тиімді құқықтық механизмдерін әзірлеу қажеттілігіне аударылады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы цифрлық платформаларды тек технологиялық құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар қазіргі еңбек нарығының құрылымын қалыптастыратын элемент ретінде кешенді қарастыруда жатыр, ол жаңа жұмыспен қамту нысандарының пайда болуына және әлеуметтік-еңбек қатынастары жүйесінің трансформациясына ықпал етеді. Ал тәжірибелік маңызы алынған нәтижелерді нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу барысында қолдану мүмкіндігінде анықталады, бұл цифрлық экономика жағдайында мемлекет, кәсіпкерлік және жұмыскерлер мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Осылайша цифрлық платформалар қазіргі еңбек нарығының трансформациясында маңызды фактор болып табылады. Заманауи цифрлық платформалар еңбек нарығының дамуын анықтайтын негізгі факторға айналды. Қазіргі еңбек нарығындағы өзгерістердің ұзақ мерзімді және жаһандық сипатқа ие екені анық көрінеді, бұл жаңа құқықтық, басқарушылық, әлеуметтік және экономикалық шешімдерді қажет етеді. Сонымен қатар, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда барлық еңбек қатынастары субъектілерінің мүдделерін үйлестіретін және ескеретін жаңа институттар мен механизмдерді құру маңызды болып отыр.

Түйін сөздер: цифрлық платформа; заманауи еңбек нарығы платформалық жұмыспен қамту; прекаризация; цифрлық экономика; еңбек қатынастары; құқықтық реттеу; әлеуметтік тәуекелдер.

Кіріспе

Цифрлық технологиялардың қоғамдық өмірге жедел енгізілуі экономиканың дамуына айтарлықтай өзгерістер әкелді, соның нәтижесінде еңбек нарығы да елеулі ықпалға ұшырады. Еңбек нарығының трансформациялану үдерісіне ең ықпалды әсер етуші факторлар ретінде төмендегілерді атап өтуге болады. Біріншіден, қызмет көрсету саласының жедел дамуы жұмыс күшінің материалдық өндіріс саласынан осы секторға ойысуына ықпал етті. Екіншіден, өндірістің компьютерлендірілуі мен робот-

тандырылуы нақты сектордан жұмысшылардың босауын жеделдетіп, жаңа еңбек түрлерінің қалыптасуына жағдай жасады. Үшіншіден, ақпараттық технологиялардың дамуы еңбек нарығы инфрақұрылымын цифрландыруға, жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы жаңа типтегі қатынастардың орнығуына, сондай-ақ адами капитал шығындарын оңтайландырудың негізін қалады.

Еңбек нарығындағы аталған өзгерістер жаңа жұмыс түрлерінің пайда болуына ықпал етіп, олардың ішінде платформалық жұмыспен қамту кеңі-

* хат-хабарларға арналған автор. E-mail: baisymakovadana@gmail.com.

нен таралуда. Еліміздегі халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеу деректері бойынша (2025 жылғы 1 тоқсан) платформалық жұмыспен қамтылғандардың орташа жылдық саны 2,2 млн. адамды құрады, бұл аталған жұмыспен қамту нысанының кең көлемде таралғанын көрсетеді. Бұл көрсеткіш цифрлық экономиканың өсу үрдісін айқындап, оның ұлттық еңбек нарығы құрылымының трансформациясына ықпалының артып келе жатқанын дәлелдейді¹.

Жұмысшылардың жаппай платформалық жұмыспен қамтылуы еңбекке тартудың икемді нысандарына деген сұраныстың жоғары екенін ғана емес, сонымен қатар құқықтық реттеу жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімдеудің қажеттілігін де айқындайды.

Бүгінгі таңда аталған еңбек нысанына қатысты мемлекеттік реттеу тетіктері қалыптаспағандықтан, платформалық жұмыспен қамту еңбек құқығының негізгі базалық қағидаттарының сақталмауымен және платформалар тарапынан жұмыскерлерге әлеуметтік кепілдіктердің көрсетілмеуімен сипатталады. Осыған сәйкес, еңбек нарығы жаһандық технологиялық өзгерістерге, платформалық экономиканың өсуіне және жұмыспен қамтудың жаңа нысандарын құқықтық реттеу қажеттілігіне орай, қарқынды цифрлық трансформацияны бастан кешіріп отыр. Мұндай трансформацияның негізгі стратегиялық бағдарларының бірі Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйекте халыққа арнаған Жолдауы болып табылады. Аталған құжатта алдағы үш жыл ішінде Қазақстанның толыққанды цифрлық мемлекетке айналуы міндеті қойылған². Бастамалардың қатарында, Цифрлық кодексті жедел қабылдау, жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру, сондай-ақ цифрлық шынайылыққа бейімделген құқықтық базаны дамыту мәселелері бар. Өйткені, еңбекнарығы цифрлық технологиялардың дамуына және жұмыспен қамту құрылымының өзгеруіне байланысты ауқымды трансформацияларды бастан кешіруде. Соңғы жылдардың негізгі үрдістері ретінде

мыналарды атап көрсетуге болады:

- онлайн-технологиялардың дамуына және жұмыс пен қызметтерді деректер агрегаторы ретінде ұсынатын цифрлық платформалардың пайда болуына байланысты сервистер мен қызметтердің едәуір бөлігінің цифрландырылуы [1];

- еңбек қатынастарының шеңберіне кірмейтін жұмыспен қамту нысандарының дамуы мен таралуы, соның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамту, азаматтық-құқықтық шарттар негізінде жұмыс орындау;

- жалпы экономика мен жекелеген салалардың цифрлық трансформациясы, ол жұмыскерлердің елеулі бөлігін цифрлық бағдарламалармен алмастыруға байланысты олардың қысқаруын және босауын, сондай-ақ бірқатар жұмыс пен қызметтердің оңтайландырылуын көздейді, бұл өз кезегінде жұмыссыздықтың өсуіне әкелуде. Себебі қазіргі өндірістік үдерістерге адамдармен қатар жұмыскерлерге тән әрекеттерді орындай алатын күрделі техникалық-цифрлық кешендер жиі тартылуда [2, 292-б.].

Аталған үрдістер стандартты емес жұмыспен қамтудың, соның ішінде платформалық жұмыспен қамтудың дамуына себепші, яғни ол цифрлық платформалардың қатысуымен реттелетін және жүзеге асырылатын жұмыспен қамту нысаны болып отыр [3, 110-б.].

Мақаланың мақсаты платформалық жұмыспен қамтудың негізгі сипаттамаларын айқындау, оның тәуекелдері мен салдарын бағалау, сондай-ақ цифрлық жағдайда азаматтық құқықтарды қорғаудың ғылыми негізделген құқықтық тетіктерін ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізін жалпы ғылыми және арнайы әдістер құрайды. Жұмыста цифрлық платформаларды қазіргі еңбек нарығының құрылымдық элементі ретінде қарастыруға және олардың жұмыспен қамтудың өзгеруіне әсерін бағалауға мүмкіндік беретін жүйелік тәсіл қолданылды. Салыстырмалы құқықтық әдіс платформалық жұмыспен қамтуды реттеудің отандық және шетелдік тәжірибесін салыстыруға жол ашып, ұлттық құқықтық

¹ Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасы жоспарлау және реформалар агенттігі: Жұмыспен қамту және жұмыссыздық // URL: <https://stat.gov.kz/industries/labor-and-income/stat-life/> (жүгінген күні: 15.09.2025).

² Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы // URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdau> (жүгінген күні: 15.09.2025).

өрістің негізгі тенденциялары мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Теориялық мәні икемді жұмыспен қамту мен цифрлық экономиканың қолданыстағы теориялық ұғымдық негіздерін кеңейтуде көрініс табады. Авторлық тұжырым әлеуметтік-құқықтық және технологиялық факторлардың өзара байланысын кешенді талдауға бағытталып, олардың еңбек қызметінің құрылымдық-сапалық параметрлеріне тигізетін әсерін жүйелі зерделеуді көздейді. Бұл цифрлық еңбек қатынастарының трансформациясын құқықтық реттеу тетіктерін ғылыми негіздеуге және құқықтық әрі әлеуметтік-экономикалық зерттеулер үшін методологиялық іргетас қалыптастыруға мүмкіндік береді [4, 120-б.].

Платформалық жұмыспен қамтудың әлеуметтік-экономикалық салдарын талдау үшін нормативтік құқықтық актілер, мемлекеттік стратегиялық құжаттар, ғылыми жарияланымдар мен талдамалық есептерге контент-талдау әдісі қолданылды. Эмпирикалық база ретінде ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми материалдары, сондай-ақ цифрлық жұмыспен қамту саласындағы әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері пайдаланылды.

Сонымен қатар, цифрлық экономика жағдайында платформалық жұмыспен қамтудың даму перспективаларын және құқықтық реттеуді жетілдірудің ықтимал бағыттарын бағалау үшін болжамды талдау элементтері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі уақытта еңбек нарығы цифрлық технологиялардың дамуына және жұмыспен қамтылу құрылымының өзгеруіне байланысты ауқымды трансформацияларға ұшырап отыр. Соңғы жылдардың негізгі үрдістері ретінде мына бағыттарды атап көрсетуге болады, ол онлайн-технологиялардың дамуы мен жұмыспен қызмет түрлерінің деректерін біріктіретін агрегатор рөлін атқаратын цифрлық платформалардың пайда болуына негізделеді [5, 163-б.]. Сонымен қатар, еңбек қатынастарының аясынан тыс қалған жұмыспен қамтылу нысандарының дамуы мен таралуы байқалады, оған өзін-өзі

жұмыспен қамту, азаматтық-құқықтық шарттар негізінде жұмыс атқару сияқты түрлер жатады. Бұдан өзге, тұтастай алғанда экономиканың және жекелеген салалардың цифрлық трансформациясы орын алып, ол бірқатар жұмыстар мен қызметтердің оңтайландырылуына, жұмыскерлердің едәуір бөлігінің цифрлық бағдарламалармен алмастырылуына және осының салдарынан жұмыссыздықтың өсуіне алып келетін еңбек ресурстарын қысқарту мен босатуды көздейді.

Аталған үрдістер стандартты емес, соның ішінде платформалық жұмыспен қамтудың кеңеюіне себеп болып отыр. Платформалық жұмыспен қамту цифрлық платформалар арқылы ұйымдастырылып, солар арқылы реттелетін еңбек нысаны ретінде еңбек нарығының құрылымын елеулі түрде трансформациялауда. Бұл құбылыс жұмыскер мәртебесінің икемділігі мен құқықтық анықталмауын күшейтеді. Осындай өзгерістер ғылыми ортада да байқалып отырғанын Д. Белхожаева, Е. Бурибаев және Ж. Хамзина [6, 435-б.] университет қызметкерлері арасындағы еңбек қатынастарының трансформациясын талдай отырып көрсетеді: авторлардың пайымдауынша, цифрландыру мен басқарудың жаңа нысандары жұмыстың мазмұны, жүктемесі және институционалдық кепілдіктеріне әсер етіп, еңбек қатынастарының дәстүрлі үлгілерін қайта қарауды талап етеді. Мұндай тұжырымдар платформалық жұмыспен қамтудың да құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге қатысты ұқсас мәселелерді туындататынын дәлелдейді.

Әлемдік ғылыми әдебиеттерде платформалық жұмыспен қамтудың мәнін айқындайтын бірқатар теориялық анықтамалар қалыптасып, олар зерттеушілердің әртүрлі әдіснамалық тәсілдері мен ғылыми көзқарастарына негізделген. Платформалық жұмыспен қамтудың мәнін неғұрлым дәл айқындайтын тұжырым «Платформалық экономика және тұрақсыз жұмыспен қамту» атты ғылыми басылымда берілген. Аталған көзқарасқа сәйкес, платформалық жұмыспен қамту, цифрлық платформаның қатысуымен жүзеге асатын ерекше жұмыспен қамту нысаны болып табылады, оның іргетасында нақты міндеттерді орындау мақсатында қатысушылар ара-

сында өзара байланыс орнатуға мүмкіндік беретін және орындалған жұмыс үшін ақшалай сыйақы алуды қамтамасыз ететін платформалық алгоритм жатыр [7]. Сонымен қатар, соңғы жылдары жұмыстар мен қызметтерді орындауға арналған тапсырыстарды бөлу үдерісіндегі цифрлық платформалардың рөлі, олардың еңбек нарығындағы үлесі, сондай-ақ, халықтың платформалық жұмыспен қамтылуына тартылу деңгейі үнемі артып келеді.

Ғылыми әдебиеттерде берілген анықтамаларға сәйкес, кез келген үдерістің доминатты факторы ретінде өзге факторлардың арасынан нарықтың мінез-құлқына және ондағы жағдайға ең ауқымды ықпал ететін фактор айқындалады. Ол тұрғыдан алғанда, қазіргі кезеңде еңбек нарығы үшін мұндай фактордың рөлін цифрлық платформалардың кеңеюі мен олардың жұмыскерлерді тарту және жұмыспен қамту тетіктерін трансформациялауы атқарады. Бұл жағдай еңбек нарығының құрылымдық ерекшеліктерін өзгертумен қатар, еңбек құқықтарын қорғау тетіктеріне де жаңа талаптар қояды [8]. Анықталған анықтамаларға сүйене отырып, қазіргі кезеңде цифрлық платформалардың еңбек нарығының дамуының жаңа факторы болып отырғанын айтуға болады. Бұл ең алдымен цифрлық платформалардың қызметі әлеуметтік-еңбек қатынастарының жаңа моделін қалыптастыруға ықпал ететін негізгі факторлардың біріне айналып, еңбек ресурстарын қайта бөлуге, халықтың жұмыспен қамтылу деңгейіне, еңбекақы көлеміне және жұмыспен қамтылу құрылымына әсер етеді. Әлемнің көптеген елдерінде платформалық жұмыспен қамтылудың қысқаруы, сонымен бірге жұмыс беруші, тұтынушылар мен жұмыскерлер арасындағы мемлекетаралық және өңіраралық өзара іс-қимылмен байланысты еңбек нарығының жаһандануы сияқты үрдістерді айқындауда.

Батыс әдебиеттерінде платформалық жұмыспен қамтылу ұғымымен тығыз байланысты «гигэномика» (gig economy) термині жиі қолданылады [9, 175-б.]. Ол әлеуметтік еңбек қатынастарының жаңа моделін сипаттайды және ішінара әрі қысқа мерзімді жұмыспен қамтылуға,

қашықтан еңбек қызметін жүзеге асыруға, сонымен қатар жұмыскердің әртүрлі компанияларда бірнеше позицияны қатар атқару мүмкіндігіне негізделеді. Мұндай модельдің ерекшелігі, компаниялар әлемнің әртүрлі географиялық нүктелерінде орналасуы мүмкін және олардың өзара әрекеттестігі онлайн-ресурстар мен цифрлық технологиялар, ең алдымен цифрлық платформалар арқылы қамтамасыз етіледі [10, 35-б.]. Қазақстан жағдайында бұл үрдіс еңбек нарығының трансформациясына әкеліп, дәстүрлі жұмыспен қамтудың үлесін азайтуы, еңбек қатынастарының құқықтық табиғатын өзгертуді талап етуі және Конституцияда бекітілген еңбек ету бостандығы мен әлеуметтік қорғау құқығының жаңа қырынан іске асырылуын қажет етуі мүмкін³.

Сонымен қатар, шетелдік құқықтық үлгілерді талдау Inozemtsev, Sidorenko және Khisamovаның *The Platform Economy: Designing a Supranational Legal Framework* еңбегінде жан-жақты сипатталған. Авторлар Еуропалық Одақта гигэномика қатынастары *Digital Services Act* және *Digital Markets Act* аясында платформалардың жауапкершілігін күшейтуге бағытталғанын, ал Испания мен Францияда платформалық жұмыскерлердің құқықтық мәртебесін нақтылайтын арнайы актілер қабылданғанын көрсетеді. АҚШ-та штаттар деңгейінде «тәуелсіз мердігер» және «аралас» модельдер қолданылып, жекелеген санаттар үшін әлеуметтік кепілдіктер кеңейтілуде. Ұлыбританияда *Uber* ісі бойынша Жоғарғы сот платформалық жұмыскерді «жұмысшы» (worker) деп тану арқылы маңызды құқықтық стандарт қалыптастырды [11, 147-б.]. Бұл тәжірибелер гиг-экономиканың құқықтық табиғатын айқындауда әртүрлі модельдердің орныққанын және олардың еңбек нарығын жаңғыртудағы маңызын көрсетеді. Қазақстан үшін де мұндай шетелдік тәсілдер өзекті, өйткені цифрлық платформалардың кеңеюі ұлттық еңбек заңнамасында жұмыскердің құқықтық мәртебесін айқындап, әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ететін жаңа тетіктерді қалыптастыруды талап етеді.

2021 жылдың басында Халықара-

³ Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданғы (2022.19.09 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029 (жүгінген күні: 16.09.2025).

лық еңбек ұйымы (ХЕҰ) «Цифрлық платформалардың әлемдік еңбек нарығының дамуы мен трансформациясына ықпалы туралы» [12, 205-б.] баяндамасын жариялады. Аталған құжатта қазіргі уақытта әлемде әрекет ететін барлық цифрлық платформалардың түрлері үш санатқа бөлінген:

1) интернет-ресурстарға негізделген өнімдер мен қызметтерді ұсынатын платформалар;

2) коммуникациялық үдерістерді және адамдар мен ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін платформалар, мысалы, жұмыс іздеу сервистері, кәсіпкерлер мен компаниялар арасындағы делдалдық қызмет көрсететін сервистер;

3) мамандарды тартып, олардың тапсырыс берушілермен өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін тікелей еңбек платформалары, (такси қызметтері, курьерлік жеткізу сервистері, фрилансерлерді іздеу алаңдары).

ХЕҰ ұсынған бұл жіктеу еңбек нарығын талдау үшін айрықша маңызды, өйткені әр санат өзіндік еңбек функцияларын, табыс құрылымын, тәуекел деңгейін және еңбек қатынастарының ерекше нысандарын айқындайды. Мұндай жүйелеу Қазақстандағы платформалық жұмыстың нақты сегменттерін анықтап, олардың әрқайсысына тән құқықтық реттеу ерекшеліктерін белгілеуге, сондай-ақ цифрлық экономиканың еңбек нарығына ықпалын санаттық талдау негізінде бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл жіктеу ұлттық еңбек құқығы нормаларын бейімдеу кезінде қай платформалар еңбек шартына тән белгілерді, ал қайсысы азаматтық-құқықтық қатынастарға тән элементтерді басым түрде туындататынын ғылыми тұрғыда саралауға әдіснамалық негіз бола алады.

Үшінші санаттағы платформалардың өзге түрлерінен принципті айырмашылығы олардың дәстүрлі жұмыс беруші рөлін белгілі бір дәрежеде иеленуінде. Мұндай платформалар мамандарды тікелей тартып, пайдаланушылардың сұранысына сәйкес қызметтердің орындалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың орындалу барысын бақылайды және орындалған жұмыс үшін ақы төлейді. Бұл сипат еңбек қатынастарының дәстүрлі үлгісіне ұқсастық танытады,

алайда классикалық құқықтық тұрғыдан жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы еңбек шартының орнына платформамен жасалатын арнайы келісімдер қолданылады. Мұндай келісімдер, әдетте, платформаларға тіркелу кезінде қабылданатын оферталық сипаттағы құжаттар түрінде рәсімделеді және олар жұмыскерлердің құқықтық мәртебесін толыққанды «жұмыскер» ретінде емес, «қызмет көрсетуші» немесе «орындаушы» ретінде бекітеді [13, 65-б.].

Нәтижесінде еңбек құқығының кепілдіктері, соның ішінде әлеуметтік қорғау, еңбек жағдайларының тұрақтылығы және еңбекті қорғау шаралары толық көлемде қамтамасыз етілмейді. Бұл мәселе қазіргі таңда еңбек құқығы ғылымында және халықаралық деңгейде еңбек құқықтарын қорғаудың жаңа тетіктерін іздестірудің өзекті бағыттарының біріне айналып отыр.

Нақты еңбекке бағытталған цифрлық платформалар платформалық жұмыспен қамтылудың өсуінің негізгі катализаторлары болып табылады. Көп жағдайда олар платформалық жұмыспен қамтуды еңбек нарығын дамытудың жетекші тренді ретінде енгізеді. Бұл үрдіс бүкіл әлемде еңбек қатынастарының құрылымына әсер етіп, әлеуметтік, еңбек және экономикалық қатынастардың жаңа түрін қалыптастырады. Елімізде де цифрлық платформалардың дамуы жұмыскерлердің дәстүрлі жұмыспен қамтылу үлесін азайтып, қашықтан жұмыс және гибриді үлгілердің таралуына ықпал етуде. Осыған байланысты заманауи еңбек құқығы тұрғысынан жұмыскерлердің құқықтық мәртебесін қорғау, әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету және платформалық жұмыспен қамтылу жағдайында еңбек қатынастарын заңнамалық реттеу өзекті міндетке айналуға.

Цифрлық еңбек платформаларын интернет желісіндегі онлайн-алаңдар ретінде сипаттауға болады, олар әлеуетті тапсырыс берушілер мен әлеуетті жұмыскерлер арасында делдал рөлін атқарады. Бұл жағдайда тапсырыс берушілерге белгілі бір қызмет қажет болса, ал жұмыскерлер оны көрсетуге қабілетті болады. Осылайша, платформалар іс жүзінде еңбек нарығында делдалдар немесе кадрлық агенттер рөлін атқарады, олар тікелей еңбек қатынастарын

қалыптастырады. Негізгі функцияларының бірі, тапсырыс берушіге профильді мамандарды іздеу және таңдау кезінде туындайтын уақыттық және транзакциялық шығындарды азайту болып табылады [14, 78-б.]. Заманауи еңбек құқығы тұрғысынан бұл жағдай жұмыскерлердің құқықтық мәртебесін қайта қарауды қажет етеді, себебі, платформалық жұмыспен қамтылу дәстүрлі еңбек шартының нормаларына толық сәйкес келмейді. Осыған байланысты құқықтық реттеу жұмыскерлердің әлеуметтік кепілдіктерін, әділ еңбек шарттарын және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Екінші жағынан, платформалар нақты жұмысты тапсырыс берушілер мен орындаушылар арасындағы өзара әрекет ету форматын және тәртібін анықтайды, соның ішінде жұмыс немесе қызмет үшін төлем мөлшерін белгілеуді де қамтиды. Осылайша, цифрлық платформа көбінесе делдал рөлін атқарудан гөрі, өзіне тіркелген тұлғалар үшін жұмыс берушінің рөлін анықтау және еңбек қатынастарын белгілі бір ережелер шеңберінде ұйымдастыру функциясын атқарады, ал аталмыш ережелердің көпшілігін өзі белгілейді. Н.Е. Петровскаяның пікірінше, соңғы уақытта платформалық жұмыспен қамту, жұмыскерлерді пайдаланудың негізгі нысандарының біріне айналды, оның негізі еңбек нарығының сұрынысы мен ұсынымын қамтамасыз ететін электрондық инфрақұрылымын құруға ықпал ететін цифрлық технологиялар тетіктері болып табылады [15, 110-б.].

Цифрлық еңбек платформасының ең толық анықтамасы А.В. Шевчукке тиесілі: «Цифрлық еңбек платформасы, бұл ақпараттық жүйе (веб-сайт немесе мобильді қосымша), негізгі функциясы өздігінен жұмыс істейтін жұмыскерлер мен тапсырыс берушілер (жеке тұлғалар немесе компаниялар) арасындағы бір реттік қызметтерді, жеке еңбек тапсырмаларын және қысқа мерзімді жобаларды сатып алу-сату жөніндегі өзара әрекеттестікті технологиялық және институционалды тұрғыда ұйымдастыру болып табылады» [16, 35-б.]. Осыған орай, бұл анықтама платформалық жұмыспен қамтылу жағдайында жұмыскердің құқықтық мәртебесін нақтылауға мүмкіндік береді.

Цифрлық платформалар 2000-жылдары

пайда болды, алайда олардың қарқынды өсуі 2010-жылдарға және 2020-жылдардың басына сәйкес келеді. Олардың дамуы мен өркендеуіне түрткі болған негізгі фактор – 2008-2009 жылдардағы жаһандық экономикалық дағдарыс еді. Сол кезеңде көптеген компаниялар өздерінің штаттық қызметкерлерін қысқартып, функциялары мен міндеттерінің елеулі бөлігін аутсорингке беруге мәжбүр болды. Ал катализатор рөлін 2020 жылғы COVID-19 пандемиясы атқарды, оның барысында да кең көлемде штаттық қысқартулар жүргізіліп, жұмыскерлерді қашықтан жұмыс істеу нысанына көшіру жүзеге асты [17, 24-б.]. Нәтижесінде халықтың айтарлықтай бөлігі қызметтерді онлайн нысанда қашықтан тапсырыс беру тәжірибесіне жаппай бет бұрды. Бұл жағдай әлемнің іс жүзінде барлық елдерінің экономика құрылымында онлайн-сервистер мен қашықтықтан орындалатын жұмыстардың үлесінің артуына әкелді. Халықаралық еңбек ұйымының деректеріне сәйкес, пандемияға дейін қашықтықтан жұмыс істейтін жұмыскерлердің үлесі жалпы жұмыспен қамтылғандардың шамамен 7,5%-ын, яғни дүниежүзінде 260 миллион адамды құраған. Алайда пандемия басталғаннан кейін бірнеше айдың ішінде қашықтықтан жұмыспен қамтылған жұмыскерлердің саны 20%-ға дейін өсті. Олардың елеулі бөлігі жұмыс табу және өздерінің еңбек функцияларын орындау үшін цифрлық платформаларды пайдаланған.

Алайда, платформалық жұмыспен қамтудың жедел дамуы бірқатар әлеуметтік-экономикалық және құқықтық тәуекелдерді де туындатты. Ең алдымен, еңбек қатынастарының дәстүрлі институттары әлсіреп, жұмыскерлердің әлеуметтік және құқықтық қорғалуының төмендеу қаупі артады. Платформалық жұмыскерлердің басым бөлігі әлеуметтік сақтандыру, зейнетақы аударымдары және еңбек дауларын шешу тетіктерінен тыс қалып отыр. Бұл жағдай еңбек құқығының негізгі қағидаттарына қайшылық тудырып, жұмыскерлердің әлеуметтік осалдығын күшейтеді.

Сонымен қатар, платформалық жұмыспен қамтуда еңбек уақытының регламенттелмеуі, табыстың тұрақсыздығы және жұмыссыз қалу тәуекелі сияқты белгілер айқын көрінеді. Мұндай

құбылыстар ғылыми әдебиетте «прекаризация» ұғымымен сипатталады, ол еңбек нарығындағы тұрақсыздықтың күшеюін білдіреді. «Прекариат» термині латынның *precarium* – «тұрақсыз, белгісіз, кепілдендірілмеген» деген сөзінен шыққан [18, 11-б.]. Ғылыми көзқарастарды талдау бұл ұғымды екіжақты әлеуметтік феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді: бір жағынан, прекариат кәсіби білімі мен біліктілігі бар, қоғам және мемлекетпен рационалды байланыс орнатуға ұмтылатын әлеуметтік топтарды қамтиды; екінші жағынан, әлеуметтік жағдайы тұрақсыз, жұмыспен қамтылу деңгейі айқындалмаған және еңбек қатынастары тұрақсыз сипатқа ие топтарды білдіреді. Сонымен бірге жаһандық өзгерістердің қарқыны мен ауқымының соңғы жылдары айтарлықтай артуы прекариаттың әлеуметтік-экономикалық жүйелердегі маңызын күшейтуде.

Жүргізілген талдау нәтижелері цифрлық платформалардың қазіргі еңбек нарығының трансформациясындағы негізгі факторлардың біріне айналғанын айқындайды. Олар еңбек нарығының құрылымына, динамикасына және жұмыс істеу тетіктеріне кешенді ықпал ете отырып, дәстүрлі еңбек қатынастарынан ерекшеленетін жаңа модельдерді қалыптастыруда. Мұндай өзгерістер еліміздің еңбек құқығы үшін де өзекті, себебі цифрлық платформалар еңбек нарығында жұмыскердің құқықтық мәртебесін қайта қарауды, еңбек қатынастарын құқықтық тұрғыда бейімдеуді және еңбек құқықтарының (еңбекке еркін қол жеткізу, әділ еңбекақы, қауіпсіз еңбек жағдайлары, әлеуметтік қорғау) сақталуын қамтамасыз етуді талап етеді. Осыған байланысты цифрлық платформалардың қызметін құқықтық реттеу, еңбек құқықтарының тиімді қорғалуын қамтамасыз ететін міндеттердің бірі болып табылады.

Н.В. Днепрова мен Е.В. Макаренконың тұжырымдауына, цифрлық платформа еңбек қатынастарын жаңа сапалық деңгейде саралауға мүмкіндік беретін феномен ретінде қарастырылады [19, 25-б.]. Бұл құбылыстың мәні, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелерді шешуде цифрлық технологияларды тиімді құралдар мен әдістер ретінде қолдануға негізделеді. Осы тұрғыдан

алғанда, цифрлық платформалар еңбек қатынастарының құрылымдық өзгерістеріне ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуындағы маңызды факторлардың біріне айналуда.

Осы тұрғыдан алғанда, соңғы жылдары платформалық жұмыспен қамту еңбек нарығының дамуының басым факторларының бірі ретінде танылып отыр. Бұл құбылыс жаһандық деңгейде де, жекелеген мемлекеттердің еңбек нарығы деңгейінде де айқын байқалады. Платформалық жұмыспен қамтудың кеңеюі бір жағынан еңбек қатынастарының икемділігін арттыру, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға жаңа мүмкіндіктер ашу сияқты оң әлеуметтік-экономикалық нәтижелерге әкелсе, екінші жағынан әлеуметтік-экономикалық қатерлер мен құқықтық айқынсыздықтың күшеюіне себепші болуда. Осыған байланысты платформалық жұмыспен қамтуды мемлекеттік деңгейде реттеу қажеттілігі туындап, қолданыстағы заңнамада оны құқықтық бақылаудың негізгі тетіктерін енгізу өзекті мәселеге айналуда. Бұл ретте цифрлық платформалар еңбек нарығында жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы байланыс тетіктерін жеңілдетіп қана қоймай, еңбек ресурстарын қайта бөлудің жаңа нысандарын қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда мұндай модельдер белгілі бір тәуекелдермен де байланысты: жұмыскерлердің құқықтық мәртебесінің айқындалмауы, әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіздігі, еңбек қауіпсіздігі мен тұрақтылығының төмендеуі. Екінші жағынан, платформалық жұмыспен қамтылудың елеулі тәуекелдері де бар.

Платформалық жұмыспен қамту аясында өзара іс-қимыл ұлттық еңбек нарықтарының шеңберінде ғана емес, сонымен қатар түрлі мемлекеттер арасында да жүзеге асады. Халықаралық еңбек ұйымының зерттеулері, оның ішінде цифрлық платформалар арқылы іске асырылған 200 жобаның деректері, тапсырыс берушілердің басым бөлігі АҚШ, Австралия, Канада, Германия, Жаңа Зеландия және Ұлыбритания сияқты мемлекеттерде орналасқанын көрсетеді. Ал орындаушылардың едәуір бөлігі Үндістан, Филиппин, Шығыс Еуропа елдері және өзге де дамушы мемлекеттерге тиесілі⁴.

⁴ Digital platforms and the world of work in G20 countries: Status and Policy Action Report prepared for the Employment Work-

Халықаралық тәжірибеге (Испания, Италия, Франция, Германия) жүргізілген салыстырмалы талдау көптеген мемлекеттердің еңбекті алгоритмдік басқаруды реттейтін арнайы нормаларды қабылдағанын көрсетті. Бұл нормалар платформалардың ашықтығын қамтамасыз етеді және жұмыскерлерге автоматтандырылған жүйелер қабылдайтын шешімдерді даулауға құқық береді. Елімізде мұндай кепілдіктердің болмауы құқықтық тетіктерді әзірлеу қажеттілігінің өзектілігін арттыра түседі. Мәселен:

1. Прекаризация – тұрақты еңбек шарттарының болмауы және әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіз қамтамасыз етілуі болып табылады [20, 90-б.]. Қазақстан Республикасының Конституциясында әркімнің әлеуметтік қорғалуға құқығы бекітілгенімен, платформалық жұмыспен қамтылған азаматтар бұл кепілдіктерді толық көлемде пайдалана алмайды. Прекаризация тек еңбек шартының жоқтығымен ғана емес, жалпы еңбек қатынастарының тұрақсыздануы және жұмыскердің әлеуметтік-экономикалық әрі құқықтық қорғалуының әлсіреуімен сипатталады. Қазақстан жағдайында бұл үрдіс платформалық жұмыстың ерекшеліктерімен тоғысып, табыстың құбылмалылығы, жұмыс уақытының реттелмеуі, әлеуметтік сақтандыру жүйесіне жеткілікті кіріктірілмеу және ресми емес еңбек қатынастарынан туындайтын дауларды шешу тетіктерінің әлсіздігі арқылы көрініс табады. Осындай факторлар әлеуметтік тәуекелдердің артуына, жұмыскердің келіссөз жүргізудегі позициясының әлсіреуіне және бейресми жұмыстың кеңеюіне әсер етіп, платформалық жұмыскерлердің ұзақ мерзімді әлеуметтік қорғалуына елеулі қауіп төндіреді.

2. Еңбек қатынастарының бейресмиленуі – жұмыскер іс жүзінде жалдамалы жұмыскер мәртебесінен айырылады. Бұл, өз кезегінде еңбек кодексінде қарастырылған еңбек шартына негізделген құқықтар мен кепілдіктерді (еңбекақының уақытылы төленуі, еңбек қауіпсіздігі, демалыс алу құқығы) толық көлемде пайдалана алмауға алып келеді.

3. Тәуекелдерді бөлудегі асимметрия жағдайында экономикалық және әлеуметтік шығындардың негізгі бөлігі жұмыскерге жүктеліп, платформа өзін

тек делдал ретінде көрсетеді. Бұл жағдай әлеуметтік әділеттілік қағидатына қайшы келіп, еңбек нарығындағы теңсіздікті тереңдетеді. Осындай контексте платформалық жұмыстың ерекшеліктерінің бірі – алгоритмдік басқарудың кең қолданылуы. Қазақстандағы платформалық секторда бұл тетіктер жұмыскердің табысына тікелей әсер етеді: төмен ақы төленетін тапсырмалардың жиі ұсынылуы, рейтингтің құлдырауына байланысты тапсырыстардың азаюы, сондай-ақ түсініксіз критерийлер негізінде аккаунттың шектелуі немесе бұғатталуы соның айғағы. Мұның нәтижесінде алгоритмдік басқару жұмыскердің құқықтық қорғалуына күшейтіп, бейресми еңбек қатынастарына тән тәуекелдерді арттыра түседі.

4. Құқықтық анықсыздық ұлттық еңбек және азаматтық заңнамада платформалық жұмыстың нақты құқықтық мәртебесінің айқындалмауы салдарынан құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын жүйелі қайшылықтармен сипатталады. Осының нәтижесінде, бір жағынан, жұмыскерлердің құқықтық қорғалуы әлсірейді, екінші жағынан, платформалардың жауапкершілік шегі анықталмай қалады. Қазақстанда платформалық жұмыскерлердің мәртебесі нақты айқындалмағандықтан, олар көбіне азаматтық-құқықтық шарттар негізінде жұмыс істеп, «жұмыскер» ретінде танылмайды. Мұндай құқықтық белгісіздік еңбек кодексінде «цифрлық платформа жұмыскері» немесе «платформалық еңбек» ұғымдарының болмауы, еңбек қатынастарын тану критерийлерінің платформалық жұмысқа бейімделмеуі, салық кодексінде арнайы режимнің қарастырылмауы, сондай-ақ әлеуметтік кодексте платформалық қызметке арналған сақтандыру тетіктерінің жеткіліксіздігі сияқты заңнамалық олқылықтардан туындайды. Осы себепті еңбек даулары бойынша қорғалу деңгейі төмендеп, әлеуметтік кепілдіктер толық жұмыс істемейді және құқықтық анықсыздық платформалық еңбек қатынастарының тұрақсыздығын күшейтеді.

Халықаралық тәжірибе платформалық жұмысты құқықтық реттеудің әртүрлі үлгілерін көрсетеді. Испанияда «Rider Law» курьерлерді жұмыскер ретінде тануға бағытталса, Ұлыбританияда Uber

жүргізушілеріне аралас «worker» мәртебесі берілген. Франция өзін-өзі жұмыспен қамту үлгісін сақтай отырып, әлеуметтік қорғауды күшейтеді; Эстония мен Данияда табыс пен әлеуметтік төлемдерді автоматтандырылған цифрлық жүйелер арқылы жинау тетіктері енгізілген. Қазақстан үшін құқықтық бейімдеудің тиімді бағыттары ретінде: аралас «аралық мәртебені» енгізу (Ұлыбритания тәжірибесі), алгоритмдік басқарудың ашықтығын заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету (Франция), платформалық жұмыскерлерді әлеуметтік сақтандыру жүйесіне автоматты түрде қосу (Эстония), сондай-ақ курьерлер мен жүргізушілер үшін еңбек қатынастарына тән критерийлерді нақтылау (Испания) ұсынылуы мүмкін. Бұл шаралар ұлттық құқықтық реттеуді жүйелендіріп, платформалық еңбек субъектілерінің құқықтарын қорғауды күшейтуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Цифрлық платформалар қазіргі еңбек нарығының трансформациясын анықтайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Олар жұмыспен қамтуды ұйымдастырудың жаңа тетіктерін, жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа нысандарын және әлеуметтік-құқықтық кепілдіктер жүйесіндегі өзгерістерді қалыптастырады. Халықаралық тәжірибе мен Қазақстан жағдайын салыстырғанда, онлайн-ресурстарға негізделген қызметтер, коммуникациялық және делдалдық платформалар, сондай-ақ тікелей еңбек платформалары еңбек функцияларының,

табыс құрылымының, тәуекел деңгейінің және құқықтық мәртебенің әркелкі үлгілерін туындататыны байқалады.

Қазақстан үшін платформалық экономика жұмыспен қамтудың икемділігін арттыру, өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғаларды және шағын бизнесті қолдау, сондай-ақ жаһандық цифрлық тізбектерге интеграциялану тұрғысынан жаңа мүмкіндіктер ашады. Алайда платформалық жұмыстың ерекшеліктері прекаризацияның күшеюіне және бейресми еңбек қатынастарының таралуына әсер етеді. Құқықтық мәртебесі айқындалмаған жұмыскерлер азаматтық-құқықтық шарттар негізінде еңбек етіп, ресми кепілдіктерді толық ала алмайды; алгоритмдік басқару табыстың тұрақтылығына, тапсырыстардың бөлінуіне және рейтингке тікелей ықпал етіп, құқықтық қорғанысты әлсіретеді; қолданыстағы ұлттық заңнама платформалық жұмыстың мазмұнын толық қамтымай, құқықтық анықсыздық пен әлеуметтік кепілдіктердің жеткіліксіздігін туындатады.

Осыған байланысты цифрлық платформаларды тек технологиялық инфрақұрылым ретінде емес, әлеуметтік-экономикалық және құқықтық феномен ретінде қарастыру қажет. Олар еңбек нарығының жаңа құрылымын айқындай отырып, орнықты даму үшін инновация, экономикалық тиімділік және еңбек құқықтарын қорғау арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті қамтамасыз етудің маңыздылығын көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сулейменов М.К. Цифровизация и совершенствование гражданского законодательства (статья третья, исправленная и откорректированная в связи с принятием Закона о цифровых технологиях). Сілтеме арқылы қол жетімді: <https://online.zakon.kz/Document>. 2021. (дата обращения: 15.09.2025).
2. Разиева Д.Б. Антропоцентричный подход и трансформация субъекта права в эпоху цифровизации: вызовы трудовому праву // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. 2025. №. 3 (80). С. 291-305. Режим доступа: https://doi.org/10.52026/2788-5291_2025_80_3_291
3. Камарова Т. А. Трансформация нестандартной занятости: перспективы развития // Вестник Омского университета. Серия «Экономика». 2021. №. 3. С. 105-117.
4. Прусова В.И., Самохвалова Ж.П., Бозоров М.М. Особенности и тенденции развития цифровой экономики на современном этапе // Современные информационные технологии в образовании, науке и промышленности. 2022. С. 119-121.
5. Нехода Е.В. Трансформация труда и социально-трудовых отношений в условиях перехода к постиндустриальному обществу // Вестник Томского государственного университета. 2007. №. 302. С. 160-166.
6. Belkhozhayeva D., Buribayev Y., Khamzina Z. Transformations in academic employment: A comprehensive analysis of university staff relations // Journal of Educational and Social Research. 2024. T. 14. №. 5. С. 431-446. DOI: <https://doi.org/10.36941/jesr-2024-0149>.
7. Hauben H., Lenaerts K., Waeyaert W. The platform economy and precarious work // The platform economy and precarious work. 2020. Available from: file:///C:/Users/User/Downloads/IPOL_

STU(2020)652734_EN.pdf (жүгінген күні: 16.09.2025).

8. Insebayeva S., Bayssembayev S. Digital Platform Employment in Kazakhstan: Can New Technologies Solve Old Problems in the Labor Market? // *International Labor and Working-Class History*. 2023. Т.103. С. 62-80. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0147547923000200>.

9. Дохильгова Д. М. Феномен «гиг-экономика» как основная тенденция современной экономической деятельности // *Вестник научной мысли*. 2020. №. 3. С. 173-178.

10. Banik N., Padalkar M. The spread of gig economy: Trends and effects // *Форсайт*. 2021. Т.15. №. 1 (eng). С. 19-29. DOI: <https://doi.org/10.17323/2500-2597.2021.1.19.29>.

11. Inozemtsev M. I., Sidorenko E. L., Khisamova Z. I. *The platform economy*. Springer, Singapore, Singapore, 2022. 455 p.

12. Rani U. et al. World employment and social outlook: the role of digital labour platforms in transforming the world of work // Geneva: International Labour Organisation. 2021. 283 p.

13. Ляшок В. Ю., Малева Т. М., Лопатина М. В. Влияние новых технологий на рынок труда: прошлые уроки и новые вызовы // *Экономическая политика*. 2020. Т. 15. №. 4. С. 62-87. DOI: https://doi.org/10.18288/1994_5124_2020_4_62_87.

14. Коршунова Т. Ю., Моцная О. В. Влияние платформенной занятости на изменение представлений о работнике и работодателе // *Ежегодник трудового права*. 2022. №. 12. С. 76-91.

15. Петровская Н. Е. Цифровые платформы как доминантный вектор развития глобального рынка труда // *Управление*. 2021. Т. 9. №. 2. С. 103-113.

16. Шевчук А. В. От фабрики к платформе: автономия и контроль в цифровой экономике // *Социология власти*. 2020. Т. 32. №. 1. С. 30-54.

17. Плещенко В. *Коронавирус: глобальное потрясение и катализатор изменений*. Litres, 2021.

18. Прекариат: становление нового класса: (коллективная монография) / Под ред. Ж.Т. Тощенко. М.: Центр социального прогнозирования и маркетинга. 2020. 400 с.

19. Днепровская Н. В., Макаренко Е. В. Актуальные задачи цифровизации в сфере занятости // *Информационное общество*. 2021. №. 2. С. 19-29.

20. Кученкова А. В. Прекаризация занятости как фактор дифференциации заработной платы и социального самочувствия работников // *Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Социология*. 2021. Т.21. №.1. С.84-96. DOI: <https://doi.org/10.22363/2313-2272-2021-21-1-84-96>.

© Д.С. Байсымакова¹, М.С. Бейбитов², Ж.Ю. Сайлибаева³, 2026

¹ Университет Кунаева, Алматы, Казахстан

² Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

³ Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
(e-mail: ¹baisymakovadana@gmail.com; ²beibitov.m@mail.ru; ³zh.sailibaeva@abaiuniversity.edu.kz)

РОЛЬ ЦИФРОВЫХ ПЛАТФОРМ КАК НОВОГО ФАКТОРА В КОНТЕКСТЕ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО РЫНКА ТРУДА

Аннотация. Статья посвящена исследованию роли цифровых платформ как нового фактора, влияющего на развитие современного рынка труда. Автор проводит комплексный анализ основных особенностей платформенной занятости, её социально-экономических и правовых последствий, а также рассматривает вопросы трансформации традиционных трудовых отношений в условиях цифровизации. Особое внимание анализу прекаризации, изменениям в структуре занятости, а также необходимости разработки эффективных правовых механизмов её регулирования. Научная новизна исследования заключается в комплексном рассмотрении цифровых платформ не только в качестве технологического инструмента, но и как структурообразующего элемента современного рынка труда, способствующего появлению новых форм занятости и трансформации системы социально-трудовых отношений. Практическая значимость исследования определяется возможностью использования полученных результатов при разработке нормативно-правовой базы, направленной на обеспечение баланса интересов государств, предпринимательского сектора и работников в условиях цифровой экономики. Таким образом, цифровые платформы выступают важным фактором трансформации современного рынка труда. Современные цифровые платформы становятся ключевым детерминантом, определяющим развитие рынка труда. Изменения на современном рынке труда обладают долгосрочным и глобальным измерением, что требует разработки новых правовых, управленческих, социальных и экономических решений. Кроме того, в новых социально-экономических условиях особое значение приобретает формирование институтов и механизмов, способных согласовывать и учитывать интересы всех субъектов трудовых отношений.

Ключевые слова: цифровые платформы; современный рынок труда; платформенная занятость; прекаризация; цифровая экономика; трудовые отношения; правовое регулирование; социальные риски.

© D.S. Baisymakova¹, M.S. Beibitov², Zh.Y. Sailibayeva³, 2026

¹Kunaev University, Almaty, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

³Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

(e-mail: ¹baisymakovadana@gmail.com; ²beibitov.m@mail.ru; ³zh.sailibaeva@abaiuniversity.edu.kz)

THE ROLE OF DIGITAL PLATFORMS AS A NEW FACTOR IN THE DEVELOPMENT OF THE MODERN LABOR MARKET

Abstract: This article examines the role of digital platforms as a new factor influencing the development of the modern labor market. The author provides a comprehensive analysis of the key characteristics of platform-based employment, its socio-economic and legal implications and explores the transformation of traditional labor relations under conditions of digitalization. Particular attention is devoted to the analysis of precarization, structural changes in employment, and the need for effective legal mechanisms to regulate these processes. The scientific novelty of the study lies in the integrated consideration of digital platforms not only as technological tools but also as structural elements of the modern labor market that foster the emergence of new forms of employment and the transformation of socio-labor relations. The practical significance of the research is determined by the potential application of its results in the development of a regulatory framework aimed at ensuring a balance of interests among the state, the business sector, and employees within the digital economy. Thus, digital platforms act as an essential factor in the transformation of the contemporary labor market. Modern digital platforms are becoming a key determinant shaping the development of labor markets. Current changes in the labor market are of a long-term and global nature, necessitating the creation of new legal, managerial, social, and economic solutions. Moreover, in the new socio-economic environment, the formation of institutions and mechanisms capable of reconciling and accounting for the interests of all parties in labor relations acquires particular importance.

Keywords: digital platforms; modern labor market; platform-based employment; precarization; digital economy; labor relations; legal regulation; social risks.

References:

1. Sulejmenov M.K. Cifrovizacija i sovershenstvovanie grazhdanskogo zakonodatel'stva (stat'ja tret'ja, ispravlenaja i otkorrekcirovannaja v svjazi s prinjatijem Zakona o cifrovih tehnologijah). Sil'teme arkyly kol' zhetimdi: <https://online.zakon.kz/Document>. 2021. (zhjyngin kyny: 15.09.2025).
2. Raziya D.B. Antropocentrichnyj podhod i transformacija sub#ekta prava v jepohu cifrovizacii: vyzovy trudovomu pravu // Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan. 2025. №. 3 (80). S. 291-305. Rezhim dostupa: https://doi.org/10.52026/2788-5291_2025_80_3_291.
3. Kamarova T.A. Transformacija nestandartnoj zanjatosti: perspektivy razvitija // Vestnik Omskogo universiteta. Serija «Jekonomika». 2021. №. 3. S. 105-117.
4. Prusova V.I., Samohvalova Zh.P., Bozorov M.M. Osobennosti i tendencii razvitija cifrovoy jekonomiki na sovremennom jetape // Sovremennye informacionnye tehnologii v obrazovanii, nauke i promyshlennosti. 2022. S. 119-121.
5. Nehoda E.V. Transformacija truda i social'no-trudovyh otnoshenij v uslovijah perehoda k postindustrial'nomu obshhestvu // Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. 2007. №. 302. S. 160-166.
6. Belkhozhayeva D., Buribayev Y., Khamzina Z. Transformations in academic employment: A comprehensive analysis of university staff relations // Journal of Educational and Social Research. 2024. T. 14. №. 5. S. 431-446. DOI: <https://doi.org/10.36941/jesr-2024-0149>.
7. Hauben H., Lenaerts K., Waeyaert W. The platform economy and precarious work // The platform economy and precarious work. – 2020. Available from: file:///C:/Users/User/Downloads/IPOL_STU(2020)652734_EN.pdf (zhjyngin kyny: 16.09.2025).
8. Insebayeva S., Beysembayev S. Digital Platform Employment in Kazakhstan: Can New Technologies Solve Old Problems in the Labor Market? // International Labor and Working-Class History. 2023. T. 103. S. 62-80. DOI: <https://doi.org/10.1017/S0147547923000200>.
9. Dohkil'gova D.M. Fenomen «gig-jekonomika» kak osnovnaja tendencija sovremennoj jekonomicheskoy dejatel'nosti // Vestnik nauchnoj mysli. 2020. №. 3. S. 173-178.
10. Banik N., Padalkar M. The spread of gig economy: Trends and effects // Forsajt. 2021. T. 15. №. 1 (eng). – S. 19-29. DOI: <https://doi.org/10.17323/2500-2597.2021.1.19.29>.
11. Inozemtsev M.I., Sidorenko E.L., Khisamova Z.I. The platform economy. Springer, Singapore, Singapore, 2022. 455 p.
12. Rani U. et al. World employment and social outlook: the role of digital labour platforms in transforming the world of work // Geneva: International Labour Organisation. 2021. 283 p.
13. Ljashok V. Ju., Maleva T. M., Lopatina M.V. Vlijanie novyh tehnologij na rynek truda: proshlye uroki i novye vyzovy // Jekonomicheskaja politika. 2020. T. 15. №. 4. S. 62-87. DOI: https://doi.org/10.18288/1994_5124_2020_4_62_87.
14. Korshunova T. Ju., Mochajva O.V. Vlijanie platformennoj zanjatosti na izmenenie predstavlenij o rabotnike i rabotodatele // Ezhegodnik trudovogo prava. 2022. №. 12. S. 76-91.
15. Petrovskaja N.E. Cifrovye platformy kak dominantnyj vektor razvitija global'nogo rynka truda // Upravlenie. 2021. T. 9. №. 2. S. 103-113.
16. Shevchuk A.V. Ot fabriki k platforme: avtonomija i kontrol' v cifrovoy jekonomike // Sociologija vlasti.

2020. Т. 32. №. 1. С. 30-54.

17. Pleshhenko V. Koronavirus: global'noe potrasenie i katalizator izmenenij. Litres, 2021.

18. Prekariat: stanovlenie novogo klassa: (kollektivnaja monografija) / Pod red. Zh.T. Toshhenko. M.: Centr social'nogo prognozirovanija i marketinga, 2020. 400 s.

19. Dneprovskaja N. arizacija zanjatosti kak faktor differenciacii zarabotnoj platy i social'nogo samochuvstvija rabotnikov //Vestnik Rossijskogo universiteta družby narodov. Serija: Sociologija. 2021. Т. 21. №. 1. С. 84-96. DOI: <https://doi.org/10.22363/2313-2272-2021-21-1-84-96>.

Авторлар туралы мәліметтер:

Байсымакова Дана Сабитовна – хат-хабарларға арналған автор, заң ғылымдарының магистрі, Қонаев университетінің докторанты, аға оқытушы, Құрманғазы көшесі, 107, А05Е8F6, Алматы, Қазақстан.

ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0000-1255-0235>;

Scopus Author ID: 58090076700;

E-mail: baisymakovadana@gmail.com.

Бейбитов Мурат Садыкович – заң ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің профессоры, Қ.Сәтбаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан.

ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0005-3274-3129>;

E-mail: beibitov.m@mail.ru.

Сайлибаева Жанель Юрсуновна – заң ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Жамбыл көшесі, 25, А25P4T8, Алматы, Қазақстан.

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3092-889X>;

Scopus Author ID: 57193327927;

E-mail: zh.sailibaeva@abaiuniversity.edu.kz.

Алғыс. Авторлар сарапшылық пікірі мен сындарлы көзқарасы үшін рецензенттерге алғыс білдіреді.

Дәйексөз келтіру үшін. Байсымакова Д.С., Бейбитов М.С., Сайлибаева Ж.Ю. Заманауи еңбек нарығының дамуы контексіндегі цифрлық платформалардың жаңа фактор ретіндегі рөлі // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. 2026;81(1): 74-86. DOI – https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_74.

Авторлардың қосқан үлесі:

Байсымакова Д.С. - «Кіріспе», «Нәтижелер мен талқылау», «Қорытынды» бөлімдерін бөлімдерін дайындады.

Бейбитов М.С. - «Материалдар мен әдістер», «Қорытынды» бөлімдерін дайындады.

Сайлибаева Ж.Ю. - Аннотацияны дайындады, ғылыми әдебиеттерге шолу жасады, библиографиялық тізімді рәсімдеді.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы мәлімдейді.

Қаржыландыру көзі. Авторлар зерттеу жүргізу кезінде қаржыландырудың жоқтығы туралы мәлімдейді.

Мақала редакцияға келіп түсті: 06.11.2025; рецензиялаудан кейін келіп түсті: 08.12.2025; басып шығаруға қабылданды: 31.03.2026.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

Сведения об авторах:

Байсымакова Дана Сабитовна – автор для корреспонденции, магистр юридических наук, докторант Университета Кунаева, старший преподаватель, улица Курмангазы, 107, А05Е8F6, Алматы, Казахстан.

ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0000-1255-0235>;

Scopus Author ID: 58090076700;

E-mail: baisymakovadana@gmail.com.

Бейбитов Мурат Садыкович – доктор юридических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, улица К.Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.

ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0005-3274-3129>;

E-mail: beibitov.m@mail.ru.

Сайлибаева Жанель Юрсуновна – кандидат юридических наук, ассоциированный профессор кафедры юриспруденции Казахского национального педагогического университета имени Абая, улица Жамбыла, 25, А25P4T8, Алматы, Казахстан.

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3092-889X>;

Scopus Author ID: 57193327927;

E-mail: zh.sailibaeva@abaiuniversity.edu.kz.

Благодарности. Авторы выражают благодарность рецензентам за экспертное мнение и конструктивный подход.

Для цитирования. Байсымакова Д.С., Бейбитов М.С., Сайлибаева Ж.Ю. Роль цифровых платформ как нового фактора в контексте развития современного рынка труда // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. 2026;81(1): 74-86. DOI – https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_74.

Вклад авторов:

Байсымакова Д.С. – подготовила разделы «Введение», «Результаты и обсуждение», «Заключение».

Бейбитов М.С. – подготовил разделы «Материалы и методы», «Заключение».

Сайлибаева Ж.Ю. – подготовила аннотацию, провела обзор научной литературы, оформила библиографический список.

Информация о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Источник финансирования. Авторы заявляют об отсутствии финансирования при проведении исследования.

Статья поступила в редакцию: 06.11.2025; поступила после рецензирования: 08.12.2025; принята в печать: 31.03.2026.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи.

Information about authors:

Baisymakova Dana Sabitovna – corresponding authors, Master of Legal Sciences, Senior Lecturer, PhD student at Kunayev University, 107, Kurmangazy Street, Almaty, Kazakhstan.

ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0000-1255-0235>;

Scopus Author ID: 58090076700;

E-mail: baisymakovadana@gmail.com.

Beibitov Murat Sadykovich – Doctor of Law, Professor of the Department of the L.N. Gumilev Eurasian National University, 2, K.Satpayev Street, 010008, Astana, Kazakhstan.

ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0005-3274-3129>;

E-mail: beibitov.m@mail.ru.

Sailibayeva Zhanel Yursunovna – Candidate of Law, associate professor of the Department of Jurisprudence of the Faculty of history and law of the Abai Kazakh National Pedagogical University, 25, Zhambyl Street, A25P4T8, Almaty, Kazakhstan.

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-3092-889X>;

Scopus Author ID: 57193327927;

E-mail: zh.sailibaeva@abaiuniversity.edu.kz.

Acknowledgements. The authors would like to express their gratitude to the reviewers for their expert opinions and constructive feedback.

For citation: Baisymakova D.S., Beibitov M.S., Sailibayeva Zh.Yu. The role of digital platforms as a new factor in the development of the modern labor market // Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and legal journal. 2026;81(1): 74-86. DOI – https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_74.

Contribution of the authors:

Baisymakova D.S. – prepared the sections “Introduction,” “Results and Discussion,” and “Conclusion.”

Beibitov M.S. – prepared the sections “Materials and Methods” and “Conclusion.”

Sailibaeva Zh.Yu. – prepared the abstract, reviewed the scientific literature, and compiled the bibliography.

Conflict of interest statement. The authors declares that there is no conflict of interest.

Funding. The authors received no specific funding for this work.

Received: 06.11.2025; revised: 08.12.2025; accepted for publication: 31.03.2026.

The authors has read and approved the final manuscript.